

Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №1

28.10.2019 ж.
сағ.11⁰⁰

О.Әлібаев ЖОББМ

Төрайымы: Бердалина А.А (ата-ана)
Хатшы: Уалиева Г (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар:

Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана)
Хидирова А (ата-ана)
Смағұлова Б (әкімшілік қызметкер, ата-ана)
Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Жүкенова А (ауыл кітапханашысы)
Көпбосынов Ж.Г (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Көпбосынов Ж.Г (мәдениет үйі меңгерушісі)
Жанпейісова Б.А (ата-ана)

Күн тәртібінде:

1. «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен таныстыру.
2. Аз қамтылған оқушыларға көрсетілген көмек туралы.

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директоры Д.Г.Алин.

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, мектепте жүргізіліп жатқан «Қамқоршылық» кеңесі жұмыстарына тоқталды. Кеңестің алдағы уақытта атқаратын жұмыстары, кеңес мүшелерінің қызметі, мектепке қосар үлесі жайлы тоқталды.

Сөйледі 2.1: тәрбие ісінің орынбасары Н.Б.Желибаева

Ата-аналар тарапынан демеушілік көрсетіліп 10 оқушыға әрқайсысы 14000 теңгеге қазак ұлтының киімдері 140000 теңгеге тіктірілді. Биылғы 2018-2019 оқу жылының түлектерінің ата-аналары 63000 теңгеге мектептің акт залына жалюз сыйлады. 25 жылдық түлектер мектепті абаттандыру мақсатында 25 карағай ағашын отырғызды. Биылғы «Мектепке жол» акциясы аясында 20 оқушыға 80200 теңге мөлшерінде көмек көрсетілді. Биылғы Ұстаздар күні, зейнеткерлікке шығарып салу салтанатына ата-аналар тарапынан безендіру жұмыстарына 10000 теңге қаржылай көмек көрсетілді.

Сөз алғандар: Сөйледі: Жүкенова А.С (ата-ана)

Мектебіміздегі кеңес мүшелері аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсетуіне, мектептің жан-жақты көркеюіне өз үлесімізді қосып, демеушілерді тартуға атсалысуымыз керек. Жастар жылы аясында жастарды, бұрынғы бітірген түлектерді тартуымыз қажет.

Қаулы етілді:

1. Кеңестің жұмысын жоспарлы түрде жүргізе отырып, нәтижеге қол жеткізу мақсатында кеңес мүшелерін жұмылдыру төрайымына және мектеп әкімшілігіне міндеттелінсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жоспарлы түрде белсенді іс-шараларға, қайырымдылық жұмыстарына демеушілерді тартуға атсалыссын.

Кеңес мүшелері:

Көпбосынов Ж *Көп* Б.Смағұлова
Хидирова А *Хид* Исатаев О
Жүкенова А *Жү* Жанпейісова Б
Көпбосынов Ж *Көп* Күржікова А

Төрайымы:
Хатшы:

Бердалина А
Уалиева Г